



# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№48 (10 251)

22 қараша

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

## ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЯСЫНДА КЕЗДЕСУ



Белградқа ресми сапары аясында Қасым - Жомарт Тоқаев Александр Вучичпен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Кездесуге екі ел делегациялары қатысты.

Жоғары деңгейдегі келіссөздерден кейін Қазақстан мен Сербия Президенттері бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап брифинг өткізді.

Сербия - Қазақстанның Балқан түбегіндегі ниеттес әрі тілеулес сенімді серіктесі. Осы екі елдің берік әрі мазмұнды қарым - қатынасы аясы кеңейіп, нәтижелі келіссөз жүргізілді. Екі ел арасындағы сауда - экономикалық ынтымақтастықты нығайту бойынша бірқатар уағдаластыққа қол жеткізілді.

Осы арада инвестиция, өнеркәсіп, тау - кен, ауылшаруашылығы, денсаулық сақтау салаларына баса мән беріп, өзара алыс - берістің көлемін арттыру үшін құзырлы органдарға

нақты шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берілді. Қазақстан Сербияға өнеркәсіп, азық - түлік өнімдерін және басқа да тауарларды экспорттауға дайын. Сербияның да қазақ еліне шығаратын өнімдері аз емес. Осы тұста қолда бар мүмкіндікті барынша пайдалануға уағдаласты. Сондай - ақ, іскерлік кеңестің жұмысын жандандыруға келісті.

Мемлекет басшысының айтуынша, өнеркәсіп, көлік - логистика, «жасыл» энергетикаға көшу салаларында, әскери өнеркәсіп кешенінде бірлескен жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Сербия - ауылшаруашылығы саласында мол тәжірибесі бар ел. Осыны ескеріп, өзара тиімді қарым - қатынасты дамытуға да келісті.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті Сербия тарапын денсаулық сақтау, ақпараттық технология, ғарыш, туризм бағытындағы байланысты күшейтуге шақырды.

Мемлекет басшысы елімізде бұрын - соңды болмаған алапат тасқын кезінде қаржылай қолдау көрсеткені үшін Президент Александр Вучич пен серб халқына алғыс айтты.

Қазақстан Президенті Сербияны 2027 жылы ЭКСПО көрмесін өткізу құқығын жеңіп алуымен құттықтады және бесінші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына белсене қатысқаны үшін алғысын білдірді. Келіссөздер барысында жаһандық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері де қозғалды.

Өз кезегінде Сербия Президенті ауқымды мәселелер қозғалған бүгінгі келіссөздердің нәтижелі әрі мазмұнды сипатта өткенін жеткізіп, кездесулерге жоғары баға берді. Сондай - ақ мемлекеттер мен президенттер арасында өзара сенімге негізделген қарым - қатынас орнағанын ризашылықпен атап өтті.



## АҚСУ, КӨКСУ ҚАНТ ЗАУЫТТАРЫ КҮНІНЕ 5 МЫҢ ТОННА ӨНІМ ҚАБЫЛДАУДА

Жетісу облысында себілген 13,7 мың гектар қант қызылшасының бүгінгі күні 11,5 мың гектары немесе 83,7% қазылып, 545 мың тонна өнім алынды. Қалған 2,2 мың га. алқаптарда жиын-терін жұмыстары жалғасуда, қызылшаны қазуға 80 комбайн жұмылдырылған. Ақсу және Көксу қант зауыттары күн сайын орта есеппен өнім тиелген 250 автокөлікті қабылдауда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының 18 қарашадағы мәліметіне қарағанда, қант зауыттарына 445 мың тонна өнім өткізілген. Соның 212 мың тоннасы Көксу қант зауытына, 233 мың тоннасы Ақсу зауытына, оның сыртында Ақсу қант зауытына 29 мың тонна Жамбыл облысынан жеткізілген. Қазылған қант қызылшаның 100 мың тоннасы шаруашылықтардың егістік алқаптарында бұртта жинақталған, қазылатын 2,2 мың гектардан 95 мың тонна қызылша жиналады. Жалпы облыс бойынша жиналатын қызылшаның көлемі 640 мың тоннаға жеткізіледі деп күтілуде.

Қант қызылшасына берілетін субсидия көлемі ұлғайтылған соң бұл дақылды өсірудің табыстылығы да өсіп, шаруалардың қызығушылығы артты, сөйтіп биылға жоспарланған 10,7 мың гектардың орнына 13,7 мың гектарға, яғни, 3,0 мың гектарға артық себілді. Шаруалардың өсірген өнімін дер кезінде қазып алып, зауыттарға өткізуі аса маңызды. Сондықтан өнімді жинау және қабылдау 15 қыркүйектен басталды. Қазір екі зауыт бекітілген кестеге сәйкес күнделікті жалпы 5 мың тонна қант қызылшасын қабылдап отыр, - дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдуәлет Кененбаев.

Қызылша өткізуге кезекте тұрған көлік жүргізушілеріне қолайлы жағдай жасау үшін оларға ыстық тамақ ұйымдастырылуда. Бұл іске зауыттар орналасқан Көксу, Ақсу аудандарымен қатар қызылша өсіруші барлық аудан-қалалардың жергілікті атқарушы органдары да атсалысып жатыр.

Егін шаруашылығына, оның ішінде қант қызылшасының өндірісіне мемлекет тарапынан жан - жақты қолдау көрсетілуде. Атап айтсақ, биыл облыста егін шаруашылығы бағытына жалпы 14 млрд. теңге бөлінді, соның 9,7 млрд. теңгесі басым дақылдарды субсидиялауға, 2,6 млрд. теңгесі минералды тыңайтқыштарды, 1,2 млрд. теңгеге жуығы тұқымдарды, 483 млн. теңгеге жуығы пестицидтерді субсидиялауға қарастырылды. Сол сияқты көктемгі дала және өнімді жинау жұмыстарына 11 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді.

Сонымен қатар, облыстық бюджет есебінен қант қызылшасы бағытында 5 ауданда жаңа 8 сервистік-дайындау орталығын құруға 2,5 млрд. теңге бөлініп, 62 бірлік себу және өнімді жинау техникасы шаруашылықтарға лизингке берілді, соның 28-і сепкіш, 15-і - жапырақ жинағыш машина, 19-ы - комбайн.

Бүгінгі күнге қант зауыттары шаруашылықтарға қабылдаған қызылшаға 3,3 млрд. теңге төледі, оның ішінде Көксу қант зауыты - 1,4 млрд. теңге, Ақсу қант зауыты - 1,9 млрд. теңге. Сонымен қатар, ауылшаруашылығы басқармасы тарапынан шаруашылықтардан түскен 160 өтінім бойынша 3,1 млрд. теңге субсидия төленді. Зауыттардың шаруалармен есеп айырысуы мен өткізілген өнімді субсидиялау шаралары шаруашылықтардың өтінімдерінің түсуіне қарай жалғасуда.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

## Қыстың қамын - жаз ойла!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық ша-

раларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы

вагондар санының, қысқаруына екеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

## БАСПАСӨЗ - 2025

### АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар!

"Ақсу өңірі" газетіне жазылу бағасы 1 жылға - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

## АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ ФОРУМЫ

Қазақта «Еңбегіне қарай – өнбегі» деген сөз бар. Мұны, ең алдымен, ауыл халқының ерен еңбегінің жемісі деуге болады. Мемлекет тарапынан да тиісті жұмыс жүргізілді, қажетті көмек берілді. Қазір елімізде жаңа экономикалық бағдар аясында нақты шаралар қолға алынып жатқанын айтты.

Сондай – ақ, әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатқанын, Осы мақсатта «Отау», «Наурыз» және «Асыл мекен» жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалары ашылғанын, сондай – ақ, көктемгі су тасқынынан зардап шеккен 17 мыңнан астам отбасының баспана мәселесі шешімін тапқанын айтып өтті.

Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруды жүйелі жүргізу, яғни, көктемгі егіс пен күзгі жиын – терін жұмыстарын дер кезінде қаржыландыру – мол астық жинаудың кепілі екеніне тоқталды. Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда аталған салаға жеке инвестициялар тарту керек екенін айтқан едім. Агроөнеркәсіп кешенін мемлекет тарапынан субсидиялауды біртіндеп қысқартып, оның орнына банктердің ауылшаруашылығына жеңілдетілген несиесі беруін ынталандырған жөн, – деді.

Агроөнеркәсіп кешенін индустрияландыруды белсенді түрде жалғастыру, ауылшаруашылығы ғылымын өркендету, ауылшаруашылығына жаңа технологияларды белсенді түрде енгізу, ауылшаруашылығы техникасының қолжетімділігі, ауылшаруашылығының экспорттық әлеуетін күшейту қажеттігіне толық ашып алынды.

Агроөнеркәсіп кешені бүкіл елдің, әсіресе, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Сол себепті мен ауылды өркендету ісіне айрықша мән беремін. Бұған сайлау айындағы тұғырнамада ерекше назар аудардым. Президент сайлауынан кейін алғашқы Жарлығым ауылды дамытуға арналды, – деп сөзін толықтырды.

Менің тапсырмаммен Үкімет бес жылды қамтитын тұжырымдама қабылдады. «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылып жатыр. Бұрын жабылып қалған кейбір аудандар былтыр менің тапсырмаммен қайта құрылды. Бұл – әсіресе, шеткері орналасқан елді мекендерге серпін беретін қадам. «Қуатты аймақтар – қуатты ел» деген сөз. Біз осы қағидаға сай жұмыс істеуіміз керек. Себебі, мықты мемлекет боламыз десек, ауылды дамыту аса маңызды, – деп үндеу

тастады. Ауыл – бәріміздің алтын бесігіміз. Мен іскер азаматтарды ауыл – аймақты көркейтеуге шақырамын. Адал еңбекпен табысқа жеткен азамат ауылын дамытуға үлес қосқаны жөн деп ойлаймын. Бұл біз үнемі айтатын отаншылдық, елге жанашырлық қасиеттердің нақты көрінісі болары сөзсіз.

Еңбекқорлық пен жауапкершілік ұлтымыздың бірегей болмысына айналуға тиіс. Еліміздегі әр азаматтың адал әрі жауапты еңбек арқылы табысқа жеткенін қалаймын. Бұл азаматтарымыздың өмірлік мақсатына айналуға тиіс. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидасының мәні де осында жатыр, – деді.

Сөз соңында алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Соған сай жаңа бастамалар мен жоспарларды жүзеге асырамыз. Қазір оның бәрі мұқият зерделеніп жатыр. Келесі жылы халыққа ұсынатын боламын. Кейбір бастаманы әдеттегідей Ұлттық құрылтайда жариялаймын. Оның кезекті отырысы Бұрабайда өтеді. Қалғанын Жолдауда айтамын, – деп қорытындылады.

Келесі жыл – жұмысы мағандықтары жылы. Жыл бойы біз нағыз еңбек адамдарын жоғары деңгейде ұлықтайтын боламыз. Бұл қоғамда еңбекқорлық пен кәсіби құндылықтарды дәріптеу жылы болмақ, – деді.

**Ербол СЫМХАНОВ.**

Ауылшаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні қарсаңында және елімізде тың игеру науқаны басталғанына 70 жыл толуына орай өткен ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаев Қазақстан аз уақыт ішінде әлемдегі ең астықты елдің біріне айналғанын, әлеуметтік инфрақұрылым жақсарғанын айтып, алғашқы тыңгерлерді және олардың ізін басқан диқандарымызды, ауыл еңбеккерлерін мерекемен құттықтады.

Бұл туралы арнайы хабардан естідік. Ендеше, оқырман қауыммен осы жаңалықпен бөліссек.

Мемлекет басшысы алдымен арнайы көрмені аралап, отандық өнімдеріміздің сапасын, экспортқа шығарылып жатқан жетістіктерімізді көрді.

Президент өз сөзінде Қазақстан егіс алқабы және жайылымдық жер көлемі жағынан әлемде 6-шы орын алады. Біз бидай экспорттайтын 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреміз. Ұн экспорты бойынша көш басындағы елдің біріміз. Биыл түрлі қиындыққа қарамастан, қамбамыз астыққа толды. Күзгі жиын – терінде 26,7 миллион тонна дақыл жиналды. Бұл – соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткіш. Шын мәнінде, диқандарымыз тамаша нәтижеге жетіп отыр. Құттықтаймын және баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді.

### 15 ҚАРАША - ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ!

## ҚАРЖЫ САЛАСЫ МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



15 қараша-Ұлттық валюта күні, қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтті

15 қараша - Ұлттық валюта күні. Төл теңге айналымға енгелі бері 30 жылдан астам уақыт өтсе де, ол тұғырлы тәуелсіздіктің, ел егемендігінің символы болып қала бермек. Жыл сайын атап өтілетін Ұлттық валюта күні соның айғағы болып табылады.

Аталмыш мерекеге орай, "AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының мәжіліс залында қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне байланысты салтанатты іс - шара өтті. Шара барысында аудандық партия филиалының төрағасы А.Құрманғалиева кәсіби мерекелерімен құттықтап, қаржы саласында қызмет атқарып жүрген мамандарға "Алғыс хаттар" табыстады.

Өз кезегімен сөз алған ардагер қаржыгерлер алғаш теңге шыққандағы естеліктермен бөлісті. Соңында естелік суретке түсіп, алғыстарын айтып, жақсы көңіл - күймен тарқасты.

**Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,**  
аудандық партия филиалының консультанты.

## ЖҰМЫСТАР ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДА



Облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Ерғазы Қошанбекұлы, Ақсу ауданының Қоғамдық кеңес төрағасы Мұсабаламов Ғабит Ахметқожаұлы Жансүгіров ауылында салынып жатқан 60 пәтерлік тұрғын үй және Есеболатов ауылында дене шынықтыру залымен жапсарлас 180 орындық мәдениет үйінің құрылысы жұмыстарының барысына «Serdeleu» жобасы аясында қоғамдық бақылау жасады.

Бақылау барысында Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Нұрахметов Мадияр Бекқайырұлы, Ақсу ауданының құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөлімінің басшысы Қожабергенов Дархан Даулетұлы қатысты.

Дәл осы күні облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Е.Қошанбекұлы мен Ақсу ауданының Қоғамдық кеңес төрағасы Ғ.Мұсабаламов бастаған бақылаушы топ Ақсу ауданында Жансүгіров - Ақсу тас жолына асфальт төсеу жұмыстарының барысына қоғамдық бақылау жасады.

Бақылау барысында жұмыстың толық бітпегендігі және сапасының нашар екендігі туралы облыстық жол басқармасы басшысына хабарлама жіберілген болатын. Басшы тарапынан тез арада шешім қабылданып, тиісті мердігер жұмысты қайта жалғастырып, тұрғындардың жүруіне жағдай жасады. Ақсу ауылының тұрғындары ризашылықтарын білдіріп жатыр.

Жобаға тапсырыс беруші: «Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы» ММ.

**Ғабит МҰСАБАЛАНОВ,**  
аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.



## ҚОНЫС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Аудан орталығы І.Жансүгіров ауылында баспана кезегінде тұрған азаматтарға 8 жеке тұрғын үй кілттері табысталды.

Атап айтқанда, Тәуелсіздік көшесінде салынған төрт үй мен Буланов көшесінде төрт үй пайдалануға берілді.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын үймен қамтамасыз ету бойынша «Самұрық – Қазына» АҚ қаражатына жаңадан бой көтерген тұрғын үйлердің кілтін аудан әкімінің орынбасары Амандос Ақышұлы, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Ғабит Ахметқожаұлы, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбайұлы табыстады. Аманкелді атамиз жаңа қоныс иелеріне ақ батасын берді, ақ әжелер шашуын шашты.

«Халықты баспанамен қамту мәселесі мемлекет үшін қашан да басым бағыттың бірі. Осы бағытта аудан көлемінде жұмыстар жүйелі түрде жалғасатын болады», - деді аудан әкімінің орынбасары Амандос Ақышұлы.

Қоныс құтты болсын!

Өз тілшімізден.

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ЖАНЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Жетісу облыстық Ақсақалдар кеңесінің қорытынды отырысы өтті.

Отырыс екі кезеңді қамтыды: I кезеңінде - пленарлық сессия барысында, арнайы тарихшы, Қазақ ұлттық университетінің Phd докторы, «Мұра» зияткерлік мектебінің директоры, әрі негізін қалаушы Алмас Тоқсанбай шақырылып, «Әкеден – ақыл» тақырыбында семинар өткізді.

II - кезеңінде Ақсақалдар кеңесінің 2024 жылғы атқарылған жұмыстары бойынша қорытынды есебі тыңдалып, 2025 жылға арналған жұмыс жоспары талқыланды.

Шара соңында Ақсақалдар кеңестерінің төрағалары Жетісу облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Ақсақалдар кеңесінің жұмысын үйлестіруде, жалпыұлттық бірлікті сақтауда жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру мен сапалы тәрбие берудегі еңбектері үшін «Алғыс хаттармен» марапатталды.

**Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.**



## Жемқорлық



## ЖЕМҚОРЛЫҚ ИНДЕТ – ОНЫ ЖОЮ МІНДЕТ

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп - қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін - өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Қоғамдағы көкейтесті мәселе болып, өзек жарды проблемаға айналып отырған сыбайлас жемқорлық – ел ішіне білінбей кірген індет секілді. Баяулап, қадамын ақырын басып, анықтыққа жетелейін деді де. Ал біздің осы жауға қарсы қолданар қаруымыз – қоғам. "Қоғам – өмірдің айнасы" дейміз ғой. Айналамыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады. Сондықтан да қоғам қарсы болса, жай емес, тегіс қарсы болғанда ғана бұл індетті жоймақпыз. Бұл індет, оны жою бізге міндет.

Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді.

Жемқорлықтың пайдалануы қоғамдағы рухани байлықтың құнсызданып, материалдық құндылықтың алдыңғы сатыға шығуына салдары. Сондықтан, біз қоғамымызда жемқорлыққа қарсы күресті – азаматтарымыздың жүрегіне рухани ізгіліктерді, құндылықтарды сіңіруден бастауымыз қажет. Рухани тұрғыдан бай адам, жемқорлықтай лас істерден жанын таза ұстайды. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, тура-сын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалыппарасат биігінен көрінуге тиіспіз.

**Бақытгүл КАМЕТЖАНОВА,**  
Жаңалық ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

## ӨМІРДІҢ ТОЛҚЫНЫНДА БОЛ!

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранты «Жетісу облысы қоғамдық даму басқармасы» ММ тапсырысымен «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға көмек көрсету» басым бағыты бойынша «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі Жетісу облысында «QOLDAU» әлеуметтік бейімдеу орталығы әлеуметтік жобасын ағымдағы жылы жүзеге асыруда. Бүгінгі таңда Жетісу облысында Пробация қызметінде 916 адам есепте тұр (605 бас бостандығын шектеу, 173 шартты түрде сотталған, және пробация есебінде тұр. Жоба қоғамда әлеуметтену үшін бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан адамдарды біріктіруге

Адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез - құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі болуы тиіс. Пробация қайта қылмыс жасаудың алдын - алады. Демек, аталған әлеуметтік жоба арқылы қайта даярлау, қайта бейімделу, қоғамдық тәрбие, заңгерлік көмек, әлеуметтендіру жұмыстарын жүйелеу көзделеді. Осы орайда жобаның маңыздылығын басшылыққа алып, мақсат - міндеттеріне қол жеткізуіміз қажет.

Осы орайда Жетісу облыстық прокуратурасының қолдауымен 8 аудан 2 қала қамтылу жоспарланып бағдарлама бойынша психолог Қалиева Бақыт Асанқызы «Өмірдің толқынында бол!» атты тақырыпқа психологиялық тренингті өткізді. Тренингтің мақсаты - есепте тұрған бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан адамдардың әлеуметтенуге бағыттау, кәсіптік білім деңгейін көтеру, оларды қоғамдық ортаға бейімдеу және заңгерлік, психологиялық қолдау болды.

«Өмірдің толқынында бол!» атты тренингке Ақсу ауданы прокуратурасының прокуроры Жакупов Айдын 2 сыныпты



заңгерінің қатысуымен Ақсу аудандық пробация тәрбиесіндегі 28 азамат тренингке қатыстырылды және тренингтің маңыздылығына, түсінгендіктеріне кіріс, шығыс сауалнамалар алынып, кері байланыс орнатылды. Тренинг соңында жұмыссыз азаматтарға жұмыс берушілер және Мансап орталығы қажетті жұмысты ұсынды. Азаматтарға жұмыстың тиімді емес екенін айтты, өз тұстарынан жұмыс жасайтындарын айтты. Ақсу аудандық пробация қызметі бөлімшесінің бастығы әділет майоры Жакупов Д.А аймақта пробация есебінде тұрған сотталғандарды, жұмыспен қамту мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді, өйткені, тұрақты еңбекпен айналысу қоғамға бейімделудің маңызды факторы болып табылады деп сөзін аяқтады.

Жоба жетекшісі Құлатай Айдос Мұратұлының айтуынша, «Қолдау» орталығы өз бағдарламаларын кеңейтіп, көбірек мамандар мен серіктестерді тартуды жоспарлап отыр. Бұл пробациядан өткен адамдарға тиімді қолдау көрсету

және бейімдеу үшін қажет. Орталықтың мақсаты – кешенді қолдау және бейімдеу жүйесін құру, бұл өз кезегінде қылмыстың қайталану деңгейін төмендетіп, өңірдегі әлеуметтік жағдайды жақсартуға ықпал ететінін айтты.

Осылайша «Қолдау» орталығы Жетісу облысының реабилитациялық жүйесінде маңызды орын алып, бағдарламаға қатысушыларына қоғамда өз орнын табуға, болашақты құруға қажетті дағдыларды меңгеруге және қайталанған құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Жетісу облысының пробация есебіндегі 50 азаматтарға «Талдықорған жоғарғы политехникалық колледжі» ШЖҚ кәсіптік техникалық мамандыққа оқытып, сертификатталғанын атады. Ендігі кезекте жұмысқа орналастыру жәрмеңкесін ұйымдастырып, жобаны қорытындылау жоспарланған.

**Дархан АСҚАНБАЕВ.**



ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 145 ЖЫЛ!

ДӘУІР САБАҚТАСТЫҒЫ



Мұхамеджан мен Барлыбектің ең алғашқы кездесуі сонау 1890 жылдар еді. Әкесі Тынышбай Мұхамеджанды Алматыдағы ерлер гимназиясына ат жеккен арбамен Лепсіден Алматыға әкеле жатып, жолдан арнайы Қапалдағы Барлыбектің үйіне тоқтайды. Барлыбек ол кезде Петербордан білім алып келген ең алғашқы жетісулық қазақ. Күллі Қапал жұртшылығы Барлыбекті мақтан тұтатын. Сол күні Барлыбекке сөлем беріп, хабарын тыңдауға ауылдың жас-көрісі түгел жиналады. Бұл кездесу Мұхамеджанның кеңіліне ерекше орын алған сәт болды. Алыстан өз елін, топырағын, ауасын, балдай суын аңсап келген Барлыбек мауқын басқанша кесіле сөйлеп, шерін тарқатады. Күндізден түн ортасына дейін галай қызықты, фибратқа толы әңгімелер айтылып, қазақтың жай-күйі, елдегі саяси жүйе турасында сөз қозғалады. Патшалық ресейдің бұратана халықтарға жасап отырған озбырлығы, халықты мәдени - рухани құлдыратыпқан құлдық санаға жегу, жерін тартып алу, байлығын тонау саясатын сөз қылды. Енді бндай саясатқа қарсы тұрудың жоспарын сұраған көпшілікке, Барлыбек әуелі білім, ғылым, тәрбиенің маңыздылығын, ол арқылы сауаттылықты арттыру, технология мен өндіріске бет бұру керектігі баса айтты. Жоғарыда айтылған әңгімелердің жай-жапсарын, сырын ұққан бала Мұхамеджанның көкейіне өшпес із қалғаны сөзсіз. Барлыбек артынша Тынышбай ақсақал мен Мұхамеджанға ақ жол тілеп, сапарға шығарып салған. Ал, бала Мұхамеджан дәл осы ең алғашқы кедесуден соң, Барлыбекті іштей өзіне ұстаз санай бастаған. Кейін, Мұхамеджан Верныйдағы гимназия қабырғасында оқып жүргенде Барлыбек Сырттанұлының үйіне жиі барады екен. Олардың үйлеріне барғанда қоңға түсе бермейтін, тарихи сирек еңбектерімен танысады. Бұл кезде Барлыбектің Алматыда «Қала бойынша жауапты хатшы», ал, інісі Тұрлыбек болса әскери губернатордың тілшісі болған еді. Ағайынды Сырттан ұлдары Барлыбек пен Тұрлыбектің қамқор шапағаты мен ақыл-кеңесін алған Мұхамеджан, гимназияны бітіріп Петерборға жол тартады. Ол ондағы 1-ші Александр атындағы жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтқа оқуға түсуінің өзі, білімге, оқуға құштар Мұхамеджанның талап-тілегі. Бұған Барыбек Сырттанұлының да көмегі зор. Мұхамеджан Тынышбайұлының Петерборда институт қабырғасында өте жақсы оқуы, ол жерде саяси ұйымдармен байланыста болуы, автономияшылар съезіне қатысып, баяндама оқуы да оның бойындағы серпілісті білдіреді. Азат ойлы, жігерлі, жалындаған жас арманның қанатына күш біткендей болады. Елінің саяи ахуалына алаңдаған

Мұхамеджан Тынышбайұлының ұлт жолында күрес жолы осы кезеңдерден бастау алады. Ол 1905 жыл болатын. Осы жылдан бастап билік өкілі оппозициялық бағыттағы толқулардың үніне құлақ асып, алым-салық төлеп, жерінің шұрайлы, құнарлы бөлігінен айырылып, империяға жем болған қайран жұртының өмірі үшін, азаттығы үшін күресуге кіріседі. Мұхамеджан осы кезеңде рухтас ағасы Барлыбек турасында: «Жаңа военный губернатор Ионов сол 1905 жылы Барлыбекті «чиновник особых поручений» қылып, бұрынғыдан да көтеріп, өз қасына жақындатып алды. Сол жылғы һәм келер жылғы істер көп қазаққа белгілі. Губернаторға осынша жақын бола жүріп ешуақытта өз ойын, өз сырын ешкімнен жасырған емес. 1906 жылы Қояндыға барып Ахметтерге һәм өзгелерге жол-тұлығып, талай сөздердің ішінде болып, барғанына қарай жиылған жұртқа риза болып қайтты» деп жазған. Институтты үздік аяқтап өз еліне инженер маман болып келеді. Мұнда ол, қарапайым инженер маман ретінде алғашқы қызмет жолын Жетісу теміржол құрылысынан бастады. Жетісу теміржолын жобалау ісіне қатысады. Мұхамеджанды саяси көзқарасы үшін әскери губернатор М.Ионовқа біреулер сыртынан шағым түсіреді. Ол өзінің айрықша мәселелермен шұғылданатын жауапты қызметкері Барлыбекті шақыртып алып: «Сіздің үйде Мұхамеджан

Тынышбайұлы жатыр деп естідім, бұл қалай?» - деп сұрайды. «Сізге жасырын айтылған сөз рас: мен ешкімнен ойымды жасырмаймын, менің сырым өзіңізге де белгілі» - деп, Барлыбек жауап береді. Осы кезден бастап Барлыбек те өзінің Тәуелсіздік жолындағы ұлы істерге толық бет бұратыны белгілі. 1907 жылы Жетісу облысының мұсылман халқы атынан II Мемлекеттік Думаға сайлануы, оның сол кезеңде-ақ халық алдындағы беделі мен сенімге ие болғанын көрсетеді. «1907 жылы Барлыбек көп халқымен мені Алматыдан екістанса жерге дейін шығарып салып, «Қарағым, көп жұрттың тілеуіне кетіп барасың, жолың болсын, Құдай алдыңнан жарылқасын!» деп, құшақтап, батасын берді.» - деп, жазады Мұхамеджан абзал ағасын еске алып. (Барлыбек Сырттанов. «Қазақ», 1915 жыл). Мұхамеджан Тынышбайұлы депутат мінберінен ұлт мүддесі үшін түйіктік мәселелер көтереді. Үкімет басшысы Столыпиннің атына сауал жолдаған. Сауалында: «Қазақтардың жер мәселесі - сөзсіз аса маңызды. Үкіметтің нені көздеп отырғанын түсінікті: біріншіден, қазақтарды дербес ұлт ретінде жою және бүкіл өлкені орыстандыру; екіншіден, қазақтарды қауқарсыз тобырға айналдыру; үшіншіден, оларды өздерінің қаны сіңген атамекенінен айырып, сусыз шөлге ысырып, өлім құшағына айдауды көздейтін қанқұйлы, зымиян саясат» деп өткір мәселені

көтеріп, жер теңдігі үшін күрескен. Дума таратылып өз еліне келгеннен кейін Мұхамеджан мамандығы бойынша қызметтер атқарады. 1907 жылдан бастап, Барлыбек Сырттанұлының генерал губернатор өзінің саяси көзқарасы мен ұстанымы үшін сенімсіз кадр ретінде қара тізімге енгізеді. Қызметтен болсаған Барлыбек осы кезден бастап Алаш қайраткерлерімен бірге өзінің саяси күресін бастайды. 1911 жылы Петерборда Әлихан мен Барлыбек ұзақ сөйлесіп, елдің Тәуелсіздік жолындағы ұлы мұраттары турасында әңгіме өрбиді. Барлыбекке болашақ Алаш үкіметінің заңы, конституциясы болу керектігін айтып, осы заңды жазып шығуын өтінеді. Бір түнде жазылған алғашқы Алаш заңы «Қазақ Елінің Устыы» деген атпен белгілі. Алайда, 1914 жылдың күзінде патшаның тыңшылары Барлыбекті жасырын түрде өлтіреді. Сөйтіп, Алаштың ең алғашқы құрбаны осылай мерт болған еді. Егер тірі болғанда Алаш автономиясының құрылғанын көзбен көріп, талай істер тыңдырар ма еді... Бұл қазаны Мұхамеджан ауыр қабылдайды. Өзінің рухтас ағасы, жерлесі, қамқоршысы, әрі ақылшысы болған Барлыбектен айрылғаны - құлт жолындағы жауапкершіліктің артқаны деп ұғынды... Мұхамеджан Тынышбайұлы - қазақтың болашағы, оның тәуелсіздігі үшін күрескен айтулы ірі тұлға. Институт қабырғасын оқып жүрген кезден бастап өмірі қудалауда жүрсе де, ұлт жолында еңбек етуді мақсат санаған қайраткер. Оның қайраткерлігі жоғарыда келтірілгендей барлық салада айқындалды. Патшалық ресей, оның орнын басқан кеңестік билік кезінде де Мұхамеджанның ұлт жолындағы күресі тоқтаған емес. Оның құрлыс саласына, ғылымға, ұлттық идеологияға, Алашқа сіңірген еңбектері зор. Осы айтулы еңбектерінің бәрін қорыта айта келгенде, ұлт жолындағы қызметін - Алаш идеясын іске асыруға қосқан үлесі деп толық бағалауға болады. Алашқа еңбек еткен қос жетісулық ұстаз бен шәкірт те сол кездегі саяси қуғын-сүргін құрбандары. Бірі - патшалық ресейдің сайқал жүйесіне қарсы тұрамын деп мерт болса, екіншісі патшалық ресейдің отарлау саясатын жалғастырған кеңестік биліктің құрбаны.

Қалқаман АБДЫРАХМАНҰЛЫ, ақын, публицист.

МАМАН КЕҢЕСІ

«QazaqGaz Aimaq» АҚ ауа - райының өзгеруіне және жылыту маусымының басталуына байланысты улы газбен улану қаупі артқанын ескертеді. Әкінішке орай, статистика бойынша жыл сайын табиғи газды тұтынушылары бұл ескертулерге немқұрайлы қарайтынын көрсетеді. Газ қызметкерлері үшін анықталған нәрсе - орын алған қайғылы жағдайлар, негізінен, газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамағандықтан болады. Оған себеп - зардап шеккендердің жылыту құралдарын пайдалануға немқұрайлы қарауы, оларды өз бетінше қосуы, құрастыруы немесе орнын ауыстыруы, қолдан жасалған газ жабдықтарын пайдалануы, тамақ дайындауға арналған газ жабдығымен үй-жайларды жылытуы, техникалық қызмет көрсетуді орындамауы, мұржаның түтін тартуын тексермеуі. Ауа желдетілуі жеткілікті қамтамасыз етілмеген үй-жайда, терезелер, желдету арналары жабық кезде, кірпіш, сылақ тығыздығы бұзылған кезде газ аспаптарын пайдалану нәтижесінде газ түтіні сыртқа шықпай, үй-жайда улы газ жиналады! Улы газдың өте аз мөлшерінің өзі қанмен тез араласады, адам тез уланады. Бөлмеде 0,5% улы газ жиналса болды, осы мөлшердің өзі 20 минуттан кейін адамның жүрегі тоқтайтындай уландырады!

ҚАУІПСІЗДІК БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ!

Advertisement for gas safety equipment. Includes text: 'ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ', 'ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!', 'ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО КОЛЕМІ)'. Lists symptoms of gas poisoning and provides emergency contact information (104).

Сондықтан мұржа мен желдету арналарының дұрыс жұмыс істеуі - Сіздің қауіпсіздігіңіз бен денсаулығыңыздың кепілі, өйткені, улы газбен уланудың ең көп оқиғасы мұржаның тұтастығы бұзылғандықтан немесе түтіннің тартпауынан туындайды. Есіңізде болсын! Жұмыс істеп тұрған газ аспаптарын қауіпсіз пайдалануға және желдету арналары мен түтін мұржаларының жарамды жай-күйіне үй иелері жауапты! Бірақ, өкінішке орай, үй иелері мұржаларды үнемі тазалап, тексеріп тұруға салғырт қарайды. Мұржаның тұтастығын, оның бітелмеуін және түтіннің тартылуын үнемі тексеріп отыру қажет. Қыс кезінде да лада тұрған мұржаға мұз қатуы мүмкін, сондықтан оның мұзбен бітелмеуін үнемі тексеріп, мұржа қақпағын ашып, мұздан тазарту керек. Газ тұтыну жабдығын пайдалану кезінде улы газ тарағанда газ беруді өшіру автоматикасы бар дабылқаққыш сигнализаторларды орнатқаныңыз жөн. Есіңізде болсын! Газ - оны дұрыс пайдаланбаған кезде ғана қауіпті! Қарапайым ережелерді сақтау Сіздің және Сіздің отбасыңыздың амандығының кепілі!



### Азаматтар мен заңды адамдардың өтініш беру механизмін түсіндіру құқықтарды, сондай-ақ, тәртіпті қорғау үшін Прокуратураға мартымды жауаптар

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:

- әдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.

Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, кәметке толмағандардың, сондай-ақ, адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;
- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;
- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;
- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды. Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылданға дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымы бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

**Айдын ТӨРЕБЕКОВ,**  
**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы**  
**Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі**  
**комитетінің Жетісу облысы бойынша**  
**Департамент бастығы, аға әділет кеңесшісі.**

### Бизнесі қорғау



мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды. Сонымен қатар берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ, тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).

Сонымен бірге, кез - келген кәсіпкер Комитеттің «www.qatqog.gov.kz» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

**Әлия БЕКСҰЛТАНОВА,**  
**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің**  
**Жетісу облысы**  
**бойынша Департаментінің**  
**аға прокуроры.**

### Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді. Сонымен "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген. Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекен-жайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрынғы Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын. Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркелу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған. Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы

іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорация арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі.

Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекен-жайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

**Дарын ЖУЛУНОВ,**  
**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің**  
**Жетісу облысы бойынша**  
**Департаментінің қылмыстық**  
**саладағы құқықтық ақпаратты**  
**қалыптастыру аға прокуроры.**

### Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар



орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын. Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ, қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі», «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

**Мерейхан СЕРІКЖАН,**  
**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы**  
**бойынша Департаментінің қылмыстық**  
**саладағы құқықтық ақпаратты**  
**қалыптастыру аға прокуроры.**

### Ақпараттық – анықтамалық қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті qatqog.gov.kz ақпараттық порталында әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаларға қатысты тексеру функционалын іске асырды.

Көрсетілген функционал азаматтардың ыңғайлығы мен уақытты үнемдеу үшін жасалған, яғни, өтініштерді уәкілетті органға жолдап, оған жауабын 15-20 күн күтудің қажеті жоқ. Сервис интернет - ресурстарды пайдаланушыларға

үйден шықпай-ақ, сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепте болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін qatqog.gov.kz порталына өту керек, одан әрі Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалардың тізілімі бөлімінде ЖСН мен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

Одан кейін жүйеде анықтама қалыптастырылады, оны талап ету орны бойынша ұсыну үшін қағаз түрінде басып шығаруға болады. Аталған анықтама электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған және ресми құжат болып табылады.

**Талғат ОМАРХАНОВ,**  
**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің**  
**Жетісу облысы бойынша**  
**Департаментінің қылмыстық**  
**саладағы құқықтық**  
**ақпаратты қалыптастыру аға**  
**прокуроры.**

